

ШҚ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ШҚ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР
КІТАПХАНАСЫ» КММ

Ақпараттық-библиографиялық
орталық


Әлемдегі ең ҚИЗЫҚТЫ сәлемдесу рәсімдері

*(Мектеп оқушыларына арналған
ақпараттық дайындық)*

2017



ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ, 2017



*«ЕГЕР СІЗДЕРГЕ БІРЕУ АМАНДАССА,
СӘЛЕМІН ОДАН ДА АСЫРА НЕ ДӘЛ
СОЛАЙ ҚАБЫЛ АЛЫҢЫЗДАР»*

(Құран Кәрімнен)

*ӘДЕПТІЛІК ДЕГЕНІҢ
ӘРҚАШАНДА КЕРЕГІҢ
КӨРШІЛЕРДІ КӨРГЕНДЕ
СЫЙЛАП СӘЛЕМ БЕРЕМІН.*

*КІМ ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАСА
КІМ ҮЛКЕНДІ ТЫҢДАСА
СЫЙЛЫ БОЛМАҚ ӨЗІ ДЕ
ҮЛКЕН БОЛҒАН КЕЗІНДЕ.*

*АРМАНДАП АП БЕТКЕ,
КӨГЕР ҚАНЕ, КӨКТЕ.
КІМДІ КӨРСЕҢ ДАҒЫ,
СӘЛЕМ БЕРМЕЙ ӨТПЕ.*

*СӘЛЕМ-ТІЛЕК ШЫҢЫ,
СӨЗІМНІҢ БҰЛ ШЫНЫ.
ҰЛТТЫҚ САЛТТЫ САҚТАУ,
КІСІЛІКТІҢ ҚҰНЫ.*



Құ
рас
ты
рға
н







және
компьютерде өндеген: **Ж. Н. Буханова**
ақпараттық-библиографиялық
орталықтың жоғары дәрежелі библиографы
Жауапты: **К. Б. Мукашева**
кітапхана
директорының міндетін атқарушы
Тексергендер: **А. Н. Абдакорова**
аудармашы






ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА

Мұсылмандар кездескенде қал-жағдай сұрамастан бұрын сәлемдесуі әдептілік міндет болып саналады. Сәлеміне қарап адамның кім екенін байқауға болады. Амандасу – әр халық мәдениетінің қайнар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Әр елдің әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне байланысты сәлемдесу түрлері де өзгеше болып келеді. Халық арасында «Сәлемің түзу болсын» деген сөз текке айтылмаған. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, әлем елдерінде сәлемдесу рәсімдері әртүрлі. Кейбір елдер әдеттегі қол алысумен қатар, үлкен сәлемдесу салтанатын өткізеді. Осы тақырыпқа көңіл аудару тарихқа үңілу ғана емес, болашағына дұрыс жол салу, білім, парасат деңгейін көрсету деп айтуға толық негіз бар. Осы орайда Сіздердің назарларыңызға **«ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ СӘЛЕМДЕСУ РӘСІМДЕРІ»** атты тақырыпта мағлұмат беретін ақпараттық дайджестті ұсынамыз.

МЫСАЛЫ:

-  Қазақстан
-  Ресей
-  Жаңа Зеландия
-  Кения
-  Греландия
-  Тибет

- 
-  Тувалу
 -  Монғолия
 -  Жапония
 -  Қытай
 -  Тайланд
 -  Филиппиндер

Әдебиеттер тізімінің мақсаты оқырманды өзге мемлекеттердің салтымен жақынырақ таныстыру.

Бұл ақпараттық дайджест жалпы оқушыларға арналған. Сондай-ақ кітапханашылар, мұғалімдер, әдіскерлер де пайдалана алады.

Пікірлеріңіз, ескертпелеріңіз, ұсыныстарыңыз болса мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады:

Өскемен қ-сы,
Космическая к-сі, 6/2
Облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы
Байланыс тел.: 8(7232)754436
e-mail: childrenlibrary@mail.ru
<http://www.odub.kz>



«СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ»

ҚАЗАҚСТАН

Өз еліміздің дәстүрі бойынша жасы кіші үлкенге бірінші болып, таныс немесе бейтаныстығына қарамай амандасу міндет болып саналады. Еліміздің амандық салты ер азаматтар арасында алдымен егде адамға қос қол ұсынып **«Ассалаумағалейкүм!»** деген сөзбен басталған, сәлем алушы **«Уағалейкүмассалам!»** деп оң қолын ұсынады. Ислам дінінде де сәлемдесу әдептіліктің белгісі екендігі айтылып, қасиетті Құран Кәрімде: **«Егер сіздерге біреу амандасса, сәлемін одан да асыра не дәл солай қабыл алыңыздар»**, – делінген, себебі, амандасу өзара сыпайылық пен татулыққа, мәдениеттілік пен парасаттылыққа апарар жол емес пе?! Тағы бір айта кетерлік жайт, қазақ келіншектері ата-енелеріне, қайнағалары мен абысындарына ерекше ілтипатпен, кішіпейілдікпен сыпайы түрде иіліп сәлем берген. Ал үлкендер жағы болса, **«Айналайын, жамандық көрме!»**, **«Үбірлі-шүбірлі бол!»**, **«Көп жаса, балам!»** деп жылы лебіздерін білдіріп, баталарын берген.

РЕСЕЙ

Ресейде бірінші болып ер адам қол ұсынады, қол алысып амандасу – адамгершіліктің негізгі белгісі екені белгілі.

Қол алысу мен қол қысысу – ол сөзсіз манайына өте көп әңгімелесуші жинайтын ежелгі қимыл боп табылады. Қол алысуға қарап талай нәрсені аңғаруға болады екен. Қол алысудың ұзақтығына қарап қарым-қатынастың жылылығын сезуге болады, жақын достар, бірін-бірі көп көрмеген достар бір қолмен емес, екі қолмен амандасқан. Орыс дәстүрі бойынша жасы үлкен жасы кішімен бірінші болып амандасады. Амандасқанда міндетті түрде «жалаңқолмен» амандасу біздің заманымызға дейін қалыптасқан.

«Жалаңқолмен» амандасу сенімді білдіреді. Қол алысудың тағы бір түрі – алақанмен емес қолдың буынын жанап өту.



ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ

Жаңа Зеландияға сапар шеккен жандар маори халқының «хонги» сәлемдесу рәсіміне куә болады. Бұл сәлемдесудің сан ғасырлық тарихы бар. Бір-бірін көрген жандар сәлемдескен кезде мұрындарын тигізіп амандасады. Мұрынмен үйкелісу арқылы олар «ха» рәсімін жүргізеді. «Ха» рәсімі тәңірге құлшылық ету. Жаңа Зеландияға келген кез келген жан ұлысына және жынысына қарамастан, сәлемдескен кезде мұрнымен үйкелісу керек. Бұл заңға тіпті Уильям ханзаданың өзі бағынған.



КЕНИЯ

Кенияға сапар шеккен жандар масай тайпасын кездестіреді. Масай тайпасының халқы бір-бірін көргенде, билей бастайды. Би арқылы олар бір-бірімен амандасады. Сәлемдесу биі «адаму» деп аталады, яғни «секіру биі». Билеген кезде шеңбер жасап, ырғалып, секіре бастайды.



ГРЕНЛАНДИЯ

Гренландия сияқты арктикалық аймақтардағы эскимостар не инуиттердің «куник» деп аталатын сәлемдесу рәсімдері бар. Бұл дәстүр отбасы мүшелері мен ғашық жандар арасында кеңінен таралған. Жүздескен жандардың бірі мұрнының ұшы мен жоғары ерін екінші жанның қолына я бетін тигізіп, терең дем алады.



ТИБЕТ

Көптеген елдерде тіл шығару әдепсіздік болып танылса, кейбір елдерде тілін шығарған жазаға тартылады. Тіл шығару тибет халқына жат емес, себебі, олар бір-бірін көргенде, тілдерін шығарады. Бұл рәсім 9-ғасырда бастау алған. Сол замандағы Тибет елінің көсемі Ландарманың тілі қара болған деседі. Тибет халқы өзгелерге өздерінің жауыз емес екендерін көрсету мақсатында, бір-бірін көрген кезде тілдерін шығара бастайды. Бұл дәстүр өз жалғасын әлі күнге дейін табуда.



ТУВАЛУ

Тувалу еліндегі дәстүрлі сәлемдесу дәстүрі өте қызық. Полинезияда орналасқан арал мемлекетіне саяхат жасаған жандар жергілікті халықпен жақындасу әрекетіне дайын болуы керек. Бір-бірін көрген бойда екі жан бір-бірінің беттеріне жақындап, терең дем алады.



МОНГОЛИЯ

Бейтаныс жанды үйіне қонаққа шақырған кезде монғолдар оған «хада» деп аталатын жібек не мақтаматалы жолақ береді. Әдетте, оның түсі ақ. Кейде көк немесе жасыл түсті болады. Хада ұсынылған кезде келген қонақ оны екі қолмен алып, басты изеуі тиіс. Хада ұсыну мен алу рәсімі – үлкен құрметтің белгісі.



ЖАПОНИЯ


Жапон халқы сәлемдесу рәсіміне аса мән береді. Бір-бірін көрген кезде олар иіледі. Жастар өзара бастарын изеп амандасады. Ал татаиде тізерлеп отырып, жерге қарай иілу керек.



ҚЫТАЙ

Қытай халқының дәстүрлі сәлемдесуі «коутоу» деп аталады. Сәлемдескен кезде қолдарды бүгіп, иілу қажет. Әйел азаматтардың сәлемдесу рәсімі «ваньфу» деп аталады. Олар қолдарын біріктіріп, оны денесінің бойымен төмен қарай сырғытады.

«Коутоу» дәстүрі аңызға айналған Хуан-ди патшаның билік еткен тұсында бастау алған еді. Сол заманда бұл дәстүр патшалармен амандасқан кезде және неке қию, үйлену сияқты салттарда қолданылған.



ТАЙЛАНД


Тай елінің амандасу рәсімі «вай» деп аталады. Бір-бірлерін көрген жандар алақандарын біріктіріп, бастарына қояды.



ФИЛИППИНДЕР

Филиппин елінде сәлемдесу рәсімі жас ерекшеліктерге байланысты әр қилы. Мысалы, жас жігіт үлкен кісіні көрген кезде ол басын изеп, оң қолымен үлкен кісінің оң қолын ұстайды. Кейін саусағының ұшын оның маңдайына тигізеді де «mano po» деп айтады. «Мано» - қол, «по» - құрмет деген мағына береді.





ТӘЖІКСТАНДА отағасы келген
қонақтың қолын екі қолымен қысады.

ИРАНДЫҚТАР бір-бірінің қолын алып
болғаннан кейін, оң қолдарын жүрек
тұсына қояды.

КОНГОДА көрісіп қалған адамдар қол
беріседі де, түйіскен жерді үрлей
бастайды.

АФРИКАЛЫҚ масай тайпасында
амандаспас бұрын қолдарына түкіріп
алады.

ОРТАЛЫҚ ШЫҒЫСТА қолдарын кеуде
тұсқа жинап (оң қол сол қолдың үстіне
қойылады), бастарын төмен түсіреді.

ЗАМБЕЗИЯДА отыра қалып, қол
шапалақтайды.

АУСТРАЛИЯНЫҢ жергілікті
тұрғындары билеп қарсы алады.

Ал сізге қалай сәлемдескен ұнайды?



ҚОЛДАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Әлемдегі ең қызықты сәлемдесу рәсімдері [Мәтін] // Дарабоз. – 2012. - №4. – Б.48-50.

Өтен, Айгүл. Сәлемдесу мәдениеті туралы бірер сөз [Мәтін] / А. Өтен // Дәстүр. - 2013. №2. - Б. 6-8.

Сәлемдесе білесіз бе? [Мәтін] // Иман. - 2013. - №9. - Б. 16-17.

Сылтеме:

<http://massaget.kz/layfstay1/alemtanu/syrly-alem/19386/>

© Русская Семерка russian7.ru